



# Basın Dilinde Dönemsel Eskimiş Kelimelerin Etkililiği (Мерзімді баспасөз тіліндегі көнерген сөздердің әсерлілігі)

Ә.СЕЙДАМАТ<sup>1</sup>

## Özet

Edebi dilin gelişimi, kullanılan dilin aktif ve pasif katmanındaki dinamik değişimler, dilin hemen her yönüyle ilgili sorunlar kitle iletişim diline tam ve açık bir şekilde yansımaktadır. Bunlar arasında; süreli basın dili, metin veri tabanının hacmi, tirajı, formalitesi, edebi dil üzerindeki etkisi açısından araştırma çalışmalarının ana konusu haline gelmektedir. Modern Kazak dilinin sözlüğü, neolojizmler ve çeşitli bilim alanlarıyla ilgili yeni kelimelerin yanı sıra eski kelimelerin pasif stoktan aktif stoka yeniden canlandırılmasıyla yenilenmektedir. Toplumun dil kullanımında, kitle iletişim araçlarında eski anlamlarına yeni anlamlar kazandıran veya sıklıkla çağrışımsal anlamda kullanılan eski kitap sözcük birimlerine rastlamak mümkündür.


**Anahtar Kelimeler:** Eski kelimeler, süreli basının dili, etki işlevi, anlambilim, verimlilik.

## The Effectiveness of Obsolete Words in the Language of Periodicals

### Abstract

The process of literary language development, word-dynamic changes in the active and passive layers of the language used, problems associated with almost all aspects of the language are fully and clearly manifested in the language of mass media. In particular, from the point of view of the volume, circulation, formality of the text database and its impact on the literary language, the main object of the study was the language of the periodical press. The vocabulary of the modern Kazakh language is replenished with neologisms and borrowed words related to various fields of science, as well as the transition of obsolete words from the passive fund to the active one. In the linguistic everyday life of society in the mass media, you can find a lot of outdated lexical units that are often used in their connotative meaning, adding a new meaning to the previous meaning. In this

<sup>1</sup> Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы. E-mail: [assel.seidamat@gmail.com](mailto:assel.seidamat@gmail.com)  
<https://orcid.org/0000-0002-4147-9244>



regard, the importance of semantic, pragmatic, stylistic analysis of the use of obsolete words in the language of periodicals is relevant. In the course of the study, methods of characterization and analysis of theoretical conclusions in world linguistics and differentiation of opinions in Kazakh linguistics were used. In addition, the semantic features of the meaning of obsolete words in the dictionary and their use in the language of modern periodicals were analyzed. In this article, in order to analyze and recognize modern language situations, the function of the impact of obsolete words in the language of periodicals was determined.

**Keywords.** Obsolete words, the language of the periodical press, impact function, semantics, efficiency

### КІРІСПЕ

Егер тіл – бүтін бір ұлттың ақпарат алмасу құралы болса, онда бұқаралық ақпарат құралдарының тілі – сол ұлт тілінің қоғамдағы рөлінің, дамуының, идеологиялық және саяси күресінің маңызды құралы. Әдеби тілдің даму үдерісі, тіл мәдениеті, тілдің барлық дерлік аспектісіне қатысты мәселелер бұқаралық ақпарат құралдары тілінде толық және айқын көрінеді. Соның ішінде мәтіндік дерекқор көлемі, таралымы, ресмилігі, әдеби тілге тигізер ықпалы тұрғысынан мерзімді баспасөз тілі зерттеу жұмыстарының негізгі нысанына айналып отыр. Мерзімді баспасөз – қоғамдық пікірді қалыптастыру, мемлекеттің экономикалық, саяси, мәдени ахуалы бойынша ақпараттандыру, басқару жүйесімен кері байланыс орнату қызметін атқарып қана қоймай, сондай-ақ қалыптасқан дағды бойынша оқырман мен жазарманға сауаттылық, сөз қолдану нормасы, сөз мәдениеті жағынан үлгі болатын беделді сала болып қала бермек (Алдаш, 2021, 5 б.) Мұның өзі тілші мамандар тарапынан мерзімді баспасөз тілінде сөзқолданылу сипатына айрықша көңіл бөліп, назарда ұстаудың маңызын өзектендіреді.

Тәуелсіздік алғаннан бастап күні бүгінге дейін қоғамда болып жатқан өзгерістер, әлеуметтік-мәдени даму, мерзімді баспасөз тіліне де тың сипаттар әкелді. Ақпараттық технологиялар тасқыны, ғаламтордың шарықтап дамуы, бұқаралық ақпарат құралдары арасында оқырман назарына бәсекелестік – мерзімді баспасөз тілінің әсерлік қызметінің күшеюін арттырды. Бұл үдеріс «газеттің әсер ету қызметі негізгі ақпараттық қызметін екінші орынға біртіндеп ығыстыруда» (Гетта, 2008) сынды пікірлер легінде газет мәтіндерін зерттеуші бірқатар мамандар еңбектерінде жазылып жүр. Бүгінгі мерзімді баспасөз материалдарында тіл байлығын барынша мол пайдалану, газет лексикасында тілдің актив қабатымен қатар, түрлі әсерлі қолданыстар жасау мақсатында тілдің пассив қабатына да жүгіну үлгілері көптеп кездеседі. Тілдің пассив қабатына (пассив сөздерге) – сирек қолданылатын немесе кең тарамаған сөздерді (Салқынбай, Абақан, 1998, 247 б.) жатқызамыз. Ғылыми

энциклопедиялық еңбектерде тіл қолданысындағы пассив сөздердің қатарында көнерген, терминдер мен неологизмдер көрсетіледі. Соның ішінде зерттеу жұмысымызда газет тілінің әсерлілік қызметін оқырманның когнитивті санасына ықпал ете отырып іске асырушы тілдік бірліктер – көнерген сөздер талданады. Қазақ тілінің лингвистикалық терминдер сөздігінде көнерген сөздерге келесідей анықтама берілген: «Көнерген сөздер – күнделікті қолданыста жоқ, бірақ пассив сөз қорында сақталған, жалпыға бірдей түсінікті сөздер. Жалпы алғанда көнерген сөздер тілдегі көнерген лексика жүйесін құрайды. Ескіру дәрежесіне байланысты көнерген сөздер мынадай топтарға бөлінеді: а) бүгінде мағынасы түсініксіз сөздер; ә) мағынасы түсінікті, бірақ стилистикалық мақсатта ғана қолданылатын сөздер. Архаизация (көнеру) себептеріне байланысты көнерген сөздер екі топқа бөлінеді: историзмдер және архаизмдер...» (Салқынбай, Абақан, 1998, 115 б.). Тілдің пассив қорына жататын көнерген сөздер қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде көне, тарихи деген арнайы белгіленіммен берілген. Қазақ тіл білімінде көнерген сөздердің ғылыми теориялық негіздері І.Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ә. Қайдаров, Ә. Құрышжанов, Қ. Өмірәлиев, Е. Жұбанов, Ж.Досқараев, Ж.Сарыбаев, Е.Жанпейісов, С. Омарбеков, Р. Сыздық, Б.Әбілқасымов, М.Б. Балақаев, К.Аханов, Ғ.Ғ. Мұсабаев, А.Ы. Ысқақов, Ж.Манкеева, Н.Уәлиевтердің сынды ғалымдардың еңбектерінде қаланған. Сондай-ақ көнерген сөздердің семантикасы, прагматикалық ерекшеліктері көркем әдебиет стиліне және халық ауыз әдебиеті үлгілеріне қатысты жан-жақты қарастырылған. Академик Р.Сыздық көнерген сөздерді қазақ ұлттық әдеби тілінің сөздік қазынасы ретінде бағалап, «қазақ тіліндегі лексикалық ескіліктерді когнитивтік (танымдық), прагматикалық (қолданыстық) тұрғыдан зерттеп, талдап, таныту – қазіргі ғылымның абыройлы міндеті» (Сыздық, 2009) деп атап өтеді.

### **Зерттеулер мен қорытындылар**

Көнерген аталымдар ерте кездегі бір-біріне тегі жақын туыстас көне түркі әдеби тілінде қалыптасқан норма болғандықтан, еш уақытта жойылып кетпейді, тарихи болмаса этимологиялық сөздіктерде өмір сүреді (Өтемісова, 2018, 8 б.). Тіл қолданысында көнерген сөздер өн бойында тарихи, ұлттық мәдени ақпаратты сақтай отырып, қоғамның коммуникациялық қажеттіліктеріне орай ілесе түрленіп, жанданып жаңғыруы немесе мағыналық жағынан дамып, түрленіп, өзгеріске ұшырауы мүмкін. Бұл әсіресе қазіргі тілдің даму динамикасын танытатын, тілдік жағдаяттардың көрінісі болып табылатын, БАҚ тілінде айқын көрінеді. Бүгінгі таңда көнерген сөздер газет тақырыптарында, бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінде ауыспалы мағынасында, метафора түрінде жиі жұмсалады. Мерзімді баспасөз тілінде көнерген

сөздердің ауыспалы мағынасында жиі қолданылуы оқырманға ықпал ету әлеуетінің басымдығымен түсіндіріледі. Газет тілінің негізгі қызметі – ақпарат беру және әсер ету екенін ескерсек, газет мәтінінде көнерген сөздерді қолдану автордың ойын әсерлі жеткізуде оқырманның когнитивті, ұлттық стереотипті ойлау жүйесіне қозғау салатын тиімді әдістердің бірі болып табылады. Олай болса, қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде көне деген белгіленіммен берілген лексемалардың қазіргі мерзімді баспасөз тілінде қолданылу жайына назар аударайық.

Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде «қалқан» сөзіне көне деген белгіленім қойылып, келесідей анықтама берілген. **ҚАЛҚАН** к ө н е. 1. Батырлардың соққы, оқ дарытпау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы. 2. к ө н е. Соққы тимеу үшін басқа киетін темір құрсау. 3. ә с к к. Ұрыста есептоптар мен механизмдерді оқ пен снаряд жарықшақтарынан қорғауға арналған зеңбіректер мен пулеметтен көздейтін ойықтары бар сауыттан жасалған қондырғы. 4. Бөгет, тосқауыл. 5. а у ы с. Құлақтың қалқиған жері (Ыбырайым, Жаңабекова, Рысбергенова, 2011, 142 б.)

“Қалқан” сөзі ерте заманда соғыс құралының бірі немесе қорғану мақсатында басқа киетін темір құрсау мағынасында жұмсалып, толыққанды номинативтік қызмет атқарған. Алайда бертін келе жаугершілік жорықтардың азаюы, оның үстіне соғыс құралдарының жаңаруына байланысты прагматикасы тарылып, архаизация үдерісіне ұшыраған. Қазіргі таңда «қалқан» сөзінің көне семантикасы халық ауыз әдебиеті үлгілерінде тарихи және батырлық жырлар мәтіндерінде сақталған.

**1-кесте. «Қалқан» сөзінің батырлық жырлар мәтіндерінде қолданысы**

<p><b>ҚАЛҚАН</b> к ө н е. 1. Батырлардың соққы, оқ дарытпау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы.</p>	<p><b>Қалқан</b> ұстап Қобылан Енді сонда тұрады. Аямай қалмақ ұрады, <b>Қалқан</b> сынып, күл болып, Жерге түсіп жанады (Қасқабасов және т.б., 2006)</p>
<p>2. к ө н е. Соққы тимеу үшін басқа киетін темір құрсау.</p>	<p>Басына <b>қалқан</b> төңкеріп, Сауытын алды киініп. Саймандарын сайланып, Әбден алды түйініп (Қосан және т.б., 2006)</p>

Ендігі кезекте мерзімді баспасөз тіліндегі «қалқан» сөзінің бүгінгі прагматикасына назар аударайық. *Әлеуметтің қалқаны* болар кодекс (Егемен Қазақстан газеті, 01 Қаңтар, 2023); *Отанның берік қалқаны* (Егемен Қазақстан газеті, 13 Шілде, 2017) *Қауіңсіз қаланың қалқаны* (Астана ақшамы, Ақпан 25, 2023). Берілген тақырыпаттарда «қалқан» сөзі «әлеуметтің қалқаны», «берік қалқан», «қала қалқаны» сынды

тіркестердің құрамында, әділдік, қауіпсіздік, қорғаушы мағынасында жұмсалып тұр. Журналист мамандардың аталмыш сөзді ауыспалы мағынада жұмсауының негізгі себептерінің бірі – оқырманның тілдік санасында «қалқан» сөзінің соғысу барысында қорғанатын құралмен ассоциациялануы деп білеміз. Осылайша оқырманның ұлттық когнитивті санасына қозғау салу арқылы әсер ету қызметін іске асыруда. Сондай-ақ, ресми мерзімді басылымдарда «Ұлттық ұлан – ел қауіпсіздігінің **қалқаны**» (ЕҚ, 29 Желтоқсан, 2016), Қуатты армия – мемлекет **қалқаны** (ЕҚ, 07 Мамыр, 2019) сынды тақырыпаттардың астарынан «мемлекет қалқаны», «қауіпсіздік қалқаны» сынды тіркестер әскер, полицей, жауынгер сөздерінің перифраз қолданыстары ретінде жұмсалып тұрғанын байқауға болады. Олай болса «қалқан» сөзі мерзімді баспасөз тілінде метафоралану арқылы мағынасы түрленіп, жаңа мағынада жаңғыруда.

Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде көне деген белгіленіммен келетін келесі «сардар» сөзіне мынадай анықтама берілген. **САРДАР** к ө н е. Сарбаздардың басшысы, жасақбасы, қолбасы (Үдербаев, Нақысбеков, Қоңыратбаева, 2011). Батырлық жырлар топтамасына жататын «Едіге жырында» **сардар** сөзімен келетін төмендегідей жыр жолдарын кездестіреміз.

Хан түзеген секілді,  
Бір жаңалық порымды.  
Құбыл жүрді алдында,  
Аңғысын жүрді кейінде.  
Сан азамат, **сардар** бек  
Құралып отыр жиналып  
Бұл орданың төрінде. (Қосан және т.б., 2006)

Берілген өлең жолдарында «сардар» сөзі көне заманғы «**сарбаздардың басшысы, жасақбасы, қолбасы**» мағынасында жұмсалған. Ал қазіргі мерзімді баспасөз тілінде «сардар» сөзінің екі түрлі мағынада жұмсалатынын байқауға болады. Біріншісі – оқырманның назарын аудару және сөйлеуге поэтикалық реңк беру мақсатында өрбіген сардар сөзінің ауыспалы мағынасында жұмсалатын сериялы метафоралы қолданыстар. Атап айтқанда, Рухты саздың **сардары** (ЕҚ, 05 Сәуір, 2023); Орман шаруашылығының **сардары** (ЕҚ, 21 Ақпан, 2023); Көсемсөз **сардары** (ЕҚ, 02 Қараша, 2022); Сырлы сұхбаттың **сардары** (ЕҚ, 07 Қараша, 2021) және т.б. Берілген тіркестерде «сардар» сөзінің контекстік астарында «үздігі», «майталманы», «озаты» сынды ауыспалы мағынасында жұмсалған. Осылайша мерзімді басылымдарда сардар сөзінің метафоралы қолданысы сөздің қуатын арттыру, әсерлендіру мақсатында жұмсалады. Сондай-ақ «сардар» сөзінің мерзімді басылымдар тілінде Қарулы күштердің, сондай-ақ

милиция мен полицияның басқарушы, жетекшілік құрамының тұлғасы сыңды мағынада қолданылуы да жиі кездеседі. Мысалға, **Сардарлар** сабағын аяқтады (ЕҚ,14 Маусым, 2023); Қай елдің **сардарларын** даярлап жүрміз? (ЕҚ, 21 Сәуір, 2021). Берілген тақырыпаттармен берілген мақалаларда Қазақстан Республикасының қарулы күштеріне жататын әскерінің жауынгерлері және офицерлері жайында жазылған. Әскери терминдер сөздігінде: «**Офицер** [нем. Offizier] зат. Қарулы күштер, флот пен полиция, арнаулы қызмет орындарындағы командалық және басшы құрамындағы адам және сол адамға берілетін әскери шен» (Аманжолов, Тасболатов, 1999) деген анықтамасын ескеретін болсақ, көнерген сөзге жататын «сардар» сөзі офицер шенін білдіруде ұтымды қолданыс деп қорытамыз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі мерзімді баспасөз тіліндегі еркіндік, оқырманға әсер ету арқылы, назарын ұстап тұруға ұмтылыс, журналист мамандардың ақпаратты барынша әсерлі жеткізуде тіл байлығының ішінен барынша қолданыста сирек кездесетін пассив қорын көптеп қолдану тенденциясының жиі кездесетінін байқатады. Дегенмен көнерген сөздер мерзімді баспасөз тілінде лексикографиялық сөздіктерде көрсетілген тура мағынасында емес, коннотациялық мағынасының өрбуінен туындаған ауыспалы мағынасында көбірек жұмсалады. Мұның басты себебі – көнерген сөздер ауыспалы мағынасында көбіне поэтикалық реңкі жоғары, метафоралы әсерлі қолданыстар туындатады. Мұндай қолданыстар оқырманның ұлттық когнитивті санасына қозғау салып, кодталған тарихи деректерге қозғау салады. Бұл көнерген сөздердің газеттің әсер ету қызметін іске асыруда таптырмас құрал болып табылатынын айқындайды. Журналист мамандардың сөз қолданыста сирек кездесетін, мағыналары ұмытыла бастаған тарихи сөздер мен көнерген сөздерді көптеп қолдануы, аталмыш сөздердің семантикалық әрі прагматикалық жаңғыруына әсер ететін – жағымды құбылыс деп есептейміз. Мұның астарынан әрбір журналист маманның сөз қолдануда өзіндік қолтаңбасын қалдыруға ұмтылысы, әрбір баспасөздің өзіндік келбеті, бет-бейнесін қалыптастыруға бет бұрысы сезіледі. Жалпы мерзімді баспасөз қоғамда болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды жеткізуде тілдің байлығын барынша тиімді қолдануға ұмтылады. Дәл осылай бұқаралық ақпарат құралдары тілінде қоғаммен үздіксіз байланыс барысында тілдің актив және пассив қабатындағы сөздік құрам немесе лексика ұдайы қозғалыста болып, жаңғыру немесе көнеру үдерістері жүріп отырады. Бұл үдеріс тіл байлығын молайтуға, кейбір тілдік бірліктердің семантикалық ерекшеліктеріне жете мән беріп, талдап тануға игі әсерін тигізеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- Аманжолов, К., Тасболатов, А. (1999). Қазақша әскери терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, «Білім», 1999. – 92 б.
- Алдаш, А. (2021) Қазіргі мерзімді баспасөз тілі: әлеуметтік сипаттамасы және сөз қолдану ерекшеліктері // Tiltanym №4 (84) 2021. – 3-13 б.
- Гетта, О.Н. (2008) Способы воздействия в газетных текстах России и США // Вестн. Томского гос. ун-та. 2008. № 307. С. 11–13.
- Қасқабасов, С. (және т.б.). (2006). Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006.Т. 35: Батырлар жыры. – 2006. – 392 б.
- Қосан, С. (және т.б.). (2006). Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: – «Фолиант», 2006. Т. 34: Батырлар жыры. – 384 б.
- Салқынбай, А., Абақан, Е. (1998) Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. – 304 б.
- Сыздық (2009) Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.
- Өтемісова (2018). Көнерген аталымдар сөйлейді (Ерімбет пен Нұртуған шығармалары бойынша). Ғылыми монография. – Алматы, 2018. – 270 б.
- Ыбырайым, Ә. (және т.б.). (2011). Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том / Құраст. Ә.Ыбырайым, А.Жаңабекова, Қ.Рысбергенова және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
- Үдербаев, А. (және т.б.). (2011). Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

## REFERENCES

- Amanjolov, K., Tasbolatov, A. (1999). Qazaqşa äskeri terminderiniñ tüsindirme sözdığı [Explanatory Dictionary of Kazakh military terms] – Almaty, «Bilim», 1999. – 92 p. (In kazakh)
- Aldaş, A. (2021) Qazirgi merzimdi baspasöz tili: äleumettik sipattamasy jäne söz qoldanu erekşelikleri [The language of the modern periodical press: social characteristics and features of word use] // Tiltanym №4 (84) 2021. – 3-13 p. (In kazakh)
- Getta, O.N. (2008) Sposoby vozdeistvia v gazetnyh tekstah Rosii i SŞA [Methods of influence in newspaper texts in Russia and the USA] // Vestn. Tomskogo gos. un-ta. 2008. № 307. P. 11–13. (In russian)
- Qasqabasov, S. (jäne t.b.). (2006). Babalar sözi: Jüz tomdyq [The word of ancestors: one hundred volumes]. – Astana: «Foliant», 2006.T. 35: Batyrlar jry. – 2006. – 392 b. (In kazakh)
- Qosan, S. (jäne t.b.). (2006). Babalar sözi: Jüz tomdyq [The word of ancestors: one hundred volumes]. Astana: – «Foliant», 2006. T. 34: Batyrlar jry. – 384 b. (In kazakh)
- Salqynbai, A., Abaqan, E. (1998) Lingvistikalıq tüsindirme sözdik [Linguistic Explanatory Dictionary] – Almaty, 1998. – 304 b.
- Syzdyq (2009) Qazaq tilindegi eskilikter men jañalyqtar. Ğylymi-tanymdyq zertteu [Old and new in the Kazakh language. Scientific and Cognitive Research]. – Almaty: «Arys» baspasy, 2009. – 272 b. (In kazakh)

- Ötemisova (2018). Könergen atalymdar söileidi (Erımbet pen Nürtuğan şyğarmalary boıynşa). Ğylymi monografıa [*The ancient names speak (based on the works of Yerımbet and Nurtugan). Scientific monograph*] – Almaty, 2018. – 270 b. (In kazakh)
- Ybyraıym, Ä. (jäne t.b.). (2011). Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı. On bes tomdyq. [*Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes.*] 9-tom / Qürast. Ä.Ybyraıym, A.Jañabekova, Q.Rysbergenova jäne t.b. – Almaty, 2011. – 744 b. (In kazakh)
- Üderbaev, A. (jäne t.b.). (2011). Qazaq ädebi tılınıñ sözdıgı. On bes tomdyq [*Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes*] 12-tom / Qürast. A.Üderbaev, O.Naqysbekov, J.Qoñyratbaeva jäne t.b. – Almaty, 2011. – 752 b. (In kazakh).

### EXTENDED SUMMARY

If language is a means of information exchange for an entire nation, then the language of mass media is an important tool for the role of that nation's language in society, development, ideological and political struggle. The development process of the literary language, language culture, issues related to almost all aspects of the language are fully and clearly reflected in the language of mass media.

Among them, the periodical press is becoming the main form of language research in terms of its size, circulation, formality, influence on literary language. The periodical press is not only responsible for shaping public opinion, providing information on the state's economic, political, and cultural situation, establishing feedback with the management system, but also becoming an example for readers and writers in terms of literacy, speech usage norms, and speech culture. would stay. This highlights the importance of journalists paying special attention to the nature of the use of words in the language of the periodical press.

Due to the fact that old terms are a norm formed in the ancient Turkish literary language, they will never disappear, if not historically, they will live in etymological dictionaries. The words used in the language can be changed and revitalized according to the communication needs of the society, or they can develop, change and change in terms of meaning, while preserving the historical and national cultural information. This is especially evident in the language of the media, which shows the dynamics of the development of the modern language and is a reflection of linguistic conditions. Today, obsolete words are often used interchangeably and metaphorically in newspaper headlines and mass media texts. The frequent use of old words in the language of the periodical press in an alternate sense is explained by the importance of



the potential to influence the reader. Taking into account that the main function of newspaper language is to provide information and influence, the use of old words in the newspaper text is one of the most effective ways to influence the reader's cognitive, national stereotype thinking system in effectively conveying the author's thoughts. If so, let's pay attention to the usage of the lexemes given in the explanatory dictionary of the Kazakh literary language as "old" in the modern periodical press language.

In ancient times, the word "shield" was used in the sense of one of the weapons of war or an iron hoop worn by others for the purpose of protection, and performed a full nominative function. However, due to the decrease of military campaigns, the pragmatics became narrowed due to the modernization of military equipment, and it was subjected to the process of archaism. Today, the ancient semantics of the word "shield" is preserved in the samples of folk literature in the texts of historical and heroic poems.

The following definition is given for the following word "sardar" which appears in the explanatory dictionary of the Kazakh literary language. SARDAR custom. The leader of the soldiers, squad, commander (Uderbaev, Nakysbekov, Konyratbaeva, 2011). In "Edyge Zhyr" which belongs to the collection of heroic poems, we find the following verses with the word sardar.

Freedom in the language of today's periodical press, the desire to keep the reader's attention by influencing the reader, shows the tendency of journalists to use a lot of rarely used passives from among the wealth of language in order to convey information in the most effective way.

However, in the language of the periodical press, the words are used not in the literal meaning shown in the lexicographic dictionaries, but in the variable meaning caused by the connotative meaning. The main reason for this is that old words often have a high poetic tone and impressive metaphorical usage in their alternate meaning. Such usages affect the national cognitive consciousness of the reader and affect the coded historical data. This indicates that the old words are an indispensable tool in the implementation of the influence activity of the newspaper. We believe that it is a positive phenomenon that journalist experts often use historical words and obsolete words, whose meanings are rarely used, and which affect the semantic and pragmatic revival of these words.